

**«Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі
академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесіндегі жеке еңбек
даулары жөніндегі келісу комиссиясы туралы ереже**

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесіндегі жеке еңбек даулары жөніндегі келісу комиссиясы туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) мүшелердің сандық құрамын, қалыптастыру және жұмыс істеу тәртібін, шешім қабылдаудың мазмұны мен тәртібін, жеке еңбек даулары жөніндегі келісу комиссиясының (бұдан әрі – Келісу комиссиясы) өкілеттік мерзімін белгілейді.

2. Осы Ереже Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне сәйкес әзірленді.

3. Келісу комиссиясының шешімі жеке еңбек дауының тараптары үшін міндетті болып табылады.

4. Келісу комиссиясының мүшелері жеке еңбек дауын шешу үшін барлық шараларды қабылдауға міндетті.

2. Келісім комиссиясын ұйымдастыру

5. Келісу комиссиясы тепе-тең негізде жұмыскерлер өкілдерінің және жұмыс берушінің тең санынан құрамда төрт адамнан құрылады.

6. Жұмыскерлердің өкілдері еңбек ұжымының жалпы жиналысында сайланады. Жұмыс берушінің өкілдері жұмыс берушінің бұйрығымен тағайындалады.

7. Келісу комиссиясының мүшелері атқаратын лауазымына, орындайтын жұмысына қарамастан кез келген жұмыскерлер сайлана алады. Жұмыс беруші Келісім комиссиясының құрамына кіре алмайды.

8. Келісу комиссиясының мүшелері бірінші ұйымдастыру отырысында өз құрамынан төраға мен хатшыны дауыс беру арқылы сайлайды. Егер Келісу комиссиясы мүшелерінің жартысынан астамы дауыс берсе, Келісу комиссиясының төрағасы мен хатшысы сайланды деп есептеледі.

9. Келісу комиссиясы үш жыл мерзімге құрылады. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін Келісу комиссиясының жаңа құрамы қалыптастырылады.

3. Келісу комиссиясының құзыреті

10. Келісу комиссиясы жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады.

11. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын қолдану, келісім комиссиясына мәлімделген келісімдердің, еңбек шартының, жұмыс беруші актілерінің талаптарын орындау немесе өзгерту мәселелері бойынша жұмыскерлер мен жұмыс беруші арасындағы, оның ішінде бұрын еңбек қатынастарында болған, реттелмеген келіспеушіліктер жеке еңбек дауы деп танылады.

12. Келісу комиссиясы келесі еңбек дауларын қарауы мүмкін:

еңбек ақы бойынша қарызды өндіріп алу туралы;

еңбек шартының талаптарын өзгерту туралы;

тәртіптік жаза қолдану туралы;

жұмысқа қайта қабылдау туралы;

Еңбек кодексінің нормаларында, еңбек шартында, әлеуметтік әріптестік жөніндегі келісімдерде, жұмыс берушінің актілерінде көзделген кепілдіктер мен өтемақылар туралы;

жалақыдан ұстап қалу туралы;

еңбек кітапшасындағы жазбалардың дұрыс еместігіне немесе дәл еместігіне байланысты туындайтын;

жұмыс беруші мен жұмыскер арасындағы еңбек қатынастарына байланысты өзге де даулар.

4. Келісу комиссиясына жүгіну тәртібі

13. Келісу комиссиясына жүгінуге жұмыс беруші мен жұмыскердің (бұдан әрі – Тараптар) құқығы бар.

14. Егер жұмыскер/жұмыс беруші өз бетінше немесе өкілдің қатысуымен жұмыскермен/жұмыс берушімен немесе оның өкілімен тікелей келіссөздер кезінде келіспеушіліктерді реттемесе, жеке еңбек дауы келісу комиссиясында қаралуға жатады.

15. Келісу комиссиясына жүгіну мерзімдері:

жұмысқа қайта алу туралы даулар бойынша - жұмыс берушінің еңбек шартын тоқтату туралы актісінің көшірмесі табыс етілген немесе табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы жіберілген күннен бастап бір ай;

басқа еңбек даулары бойынша - жұмыскер немесе жұмыс беруші өз құқығының бұзылғаны туралы білген немесе білуге тиісті күннен бастап бір жыл.

16. Осы Ереженің 15-тармағында көрсетілген өтініш беру мерзімін дәлелді себептермен өткізіп алған жағдайда, Келісу комиссиясы мерзімді қалпына келтіріп, дауды мәні бойынша шеше алады.

Келісу комиссиясы жұмыскердің, оның ішінде бұрын еңбек қатынастарында болған жұмыскердің Келісу комиссиясына белгіленген мерзімде өтініш білдірмеуінің дәлелді себептеріне жататынын-жатпайтынын дербес айқындайды.

17. Еңбек қатынастарының тараптары жеке еңбек дауының мәнін баяндайтын өтінішпен Келісу комиссиясына жүгінеді. Өтініш жеке берілуі немесе пошта арқылы, сондай-ақ өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып жіберілуі мүмкін.

18. Келісу комиссиясына келіп түскен өтініш осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес өтініштерді тіркеу журналында берілген күні міндетті тіркелуге жатады, оны Келісу комиссиясының хатшысы жүргізеді.

19. Жеке еңбек дауларын қарау бойынша жүгіну мерзімінің өтуі қаралып отырған еңбек дауы бойынша медиация туралы шарттың қолданылу кезеңінде, сондай-ақ Келісу комиссиясы болмаған жағдайда ол құрылғанға дейін тоқтатыла тұрады.

20. Дәлелді себептерсіз мерзімді өткізіп алу себептері бойынша өтінішті қабылдаудан бас тарту өтініш берушінің талаптарын қанағаттандырудан бас тарту үшін негіз болып табылуы мүмкін.

5. Еңбек дауын Келісу комиссиясының қарау тәртібі

21. Келісу комиссиясының отырыстары еңбек қатынастары тараптарының кез келгенінің өтініші бойынша өткізіледі.

Дау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзіне берілген өкілеттіктер шегінде өтініш берушінің және (немесе) ол уәкілеттік берген өкілдің қатысуымен қаралады.

22. Келісу комиссиясы жеке еңбек дауын өтінішті өтініштерді тіркеу журналында тіркеген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға міндетті.

23. Келісу комиссиясы тараптарды Келісу комиссиясы отырысының орны, күні және уақыты туралы уақтылы хабардар етеді.

24. Жұмыскер немесе оның өкілі Келісу комиссиясының отырысына келмеген жағдайда, жеке еңбек дауын қарау кейінге қалдырылады. Жеке еңбек дауын қарау күнінің ауыстырылғаны туралы Тараптар уақтылы хабардар етіледі. Жұмыскер немесе оның өкілі дәлелді себептерсіз екінші рет келмеген жағдайда, келісу комиссиясы өтінішті қараусыз қалдыру туралы шешім шығаруы мүмкін, бұл жұмыскерді жеке еңбек дауын қарау туралы өтінішті өтініш жасау үшін белгіленген мерзім шегінде қайтадан беру құқығынан айырмайды.

25. Жеке еңбек дауын жұмыскердің немесе оның өкілінің қатысуынсыз қарауға оның жазбаша өтініші бойынша ғана жол беріледі.

Жеке еңбек дауын өтінішпен жүгінген жұмыс берушінің өкілі болмаған кезде қарау Келісу комиссиясының отырысын ауыстыруға себеп болып табылмайды.

26. Келісу комиссиясының отырысы басталғанға дейін жұмыскер өз өтінішін кері ала алады немесе қойылған талаптардан тікелей Келісу комиссиясының отырысында бас тарта алады.

27. Келісу комиссиясының отырысы, егер оған Келісу комиссиясының барлық мүшелері қатысса, заңды болып табылады.

29. Жеке еңбек дауын талқылау үшін белгіленген орында, күні мен уақытта Келісу комиссиясының төрағасы отырысты ашады және қандай өтініш қаралуға жататынын хабарлайды.

Хатшы қаралып отырған жеке еңбек дауы бойынша шақырылған адамдардан кімнің келгенін, келмеген адамдарға хабар берілгенін-берілмегенін және олардың келмеу себептері туралы қандай мәліметтердің бар екенін келісу комиссиясына баяндайды.

Содан кейін өтініш берген жұмыскердің жеке басы және жұмыскердің өтініші Келісу комиссиясының шешуіне жататындығы туралы мәселе анықталады, Келісу комиссиясы мүшелерінің пікірлері тыңдалады.

Тараптардың Келісу комиссиясының отырыстарына істің мән-жайларын анықтау үшін куәларды, Келісу комиссиясының мүшелері болып табылмайтын ұйымның мамандарын шақыруға, жұмыс берушіден жеке еңбек дауын қарау үшін қажетті құжаттарды талап етуге құқығы бар. Келісу комиссиясының қажетті құжаттаманы белгілі бір мерзімде беру туралы талабы дау тараптары үшін міндетті түрде орындалуға жатады.

Жұмыскер және жұмыс берушінің өкілі ұсынған материалдар мен құжаттар, сондай-ақ Келісу комиссиясы талап еткен құжаттар Келісу комиссиясының отырысында қаралады.

29. Келісу комиссиясының отырысында хатшы осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес хаттама жүргізеді.

30. Хаттамаға Келісу комиссиясының төрағасы мен хатшысы қол қояды.

6. Келісу комиссиясының шешім қабылдау тәртібі және оның мазмұны

31. Келісу комиссиясы осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес отырысқа қатысып отырған Келісу комиссиясы мүшелерінің жай көпшілік дауысымен ашық немесе жасырын дауыс беру арқылы ресімделетін шешім қабылдайды. Шешім қабылдау арқылы дауды Келісу комиссиясында қарау аяқталады.

Егер дауыс беруді өткізу кезінде Келісу комиссиясы мүшелерінің дауыстары тең бөлінсе, Келісу комиссиясы төрағасының шешуші дауыс беруге құқығы бар.

32. Келісу комиссиясының шешімі әртүрлі түсіндіруге немесе оны орындаудан жалтаруға жол бермейтін нақты нысанда көрсетілуге тиіс. Ақша талаптары туралы шешімде жеке еңбек дауы тараптарының біріне тиесілі нақты сома көрсетіледі.

33. Шешімге Келісу комиссиясының төрағасы мен хатшысы қол қояды және үш данада дайындалады.

34. Келісу комиссиясының шешімі тараптардың әрқайсысына ол қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде тапсырылады. Шешімнің бір данасы Келісу комиссиясында қалады.

35. Келісу комиссиясының шешімі, дереу орындалуға жататын, жұмысқа қайта алу туралы дау жөніндегі шешімді қоспағанда, ол белгілеген мерзімде орындалуға тиіс.

7. Келісу комиссиясының шешіміне шағым жасау және жеке еңбек дауын қарауды сотқа ауыстыру

36. Келісу комиссиясының шешімі орындалмаған, мәселелер белгіленген мерзімде реттелмеген жағдайларда Тараптар сотқа жүгінуге құқылы.

8. Келісу комиссиясының мүшелеріне кепілдіктер

37. Келісу комиссиясының мүшелері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын қолдану, еңбек дауларында келіссөздер жүргізу және консенсусқа қол жеткізу дағдыларын дамыту бойынша жыл сайынғы оқытудан өтуге міндетті.

9. Қорытынды ережелер

38. Келісу комиссиясының мүшесі болып табылатын жұмыскер жұмыстан босатылған кезде Келісу комиссиясының құрамына жұмыскерлердің өкілдері жаңа жұмыскерді сайлайды, жұмыс беруші оны тағайындайды.

«Қазақстан Республикасы Жоғары Сот
 Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі
 академиясы» республикалық
 мемлекеттік мекемесіндегі жеке еңбек
 даулары жөніндегі келісу комиссиясы
 туралы ережеге
 1-қосымша

**Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі
 академиясының жеке еңбек даулары жөніндегі келісу комиссиясына
 өтініштерді тіркеу журналы**

Кіріс №	Өтініштің келіп түскен күні	Өтініш берушінің Т. А. Ә. және лауазымы	Өтініштің мәні	Өтінішті қарау күні	Шешім қабылдау күні	Шешімнің мәні	Өтініш берушінің шешімді алған күні
1.	2.	3.	4.	5.	6.	7.	8.

«Қазақстан Республикасы Жоғары Сот
 Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі
 академиясы» республикалық
 мемлекеттік мекемесіндегі жеке еңбек
 даулары жөніндегі келісу комиссиясы
 туралы ережеге
 2-қосымша

**Жеке еңбек даулары жөніндегі
 келісу комиссиясы отырысының хаттамасы**

_____ қаласы 20____ жылғы «_____» _____

Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясының
 жеке еңбек даулары жөніндегі келісім комиссиясы (бұдан әрі – Комиссия) келесі құрамда:
 төраға _____

Комиссия мүшелері:

Комиссия хатшысы: _____

жұмыскердің _____

Жұмыс беруші өкілінің _____

куәгердің _____

мамандардың (сарапшылардың) қатысуымен _____

Жұмыскердің/Жұмыс берушінің (өтініш берушінің) өтінішін отырыста қарастырды

қатысты _____

_____ туралы

Отырыс _____ сағ. _____ мин. ашылды

Отырыста төраға қандай өтініш қаралуға жататынын, комиссия құрамын жариялады,
 отырыстың хаттамасын комиссия хатшысы жүргізетіні жарияланды

Өтініш берушінің түсініктемелері:

Жеке еңбек дауының екінші тарапының түсіндірмелері: _____

Куәгер _____ келесіні түсіндірді: _____

Маман (сарапшы) _____ келесіні түсіндірді: _____

Төраға жазбаша материалдарды оқып, оларды зерттеді.

Тараптар сөз алып, ой-пікірімен бөлісті.

Төраға жеке еңбек дауын мәні бойынша қараудың аяқталғаны және шешім шығаруға көшу туралы жариялады.

Дауыс беру нәтижелері: келіскендер _____ қарсы _____

Комиссия мүшелерінің дауыс беру нәтижелері бойынша өтініш берушіге немесе оның өкіліне комиссияның шешімі жарияланды.

Төраға жеке еңбек дауы тараптарының өкілдеріне 20 ____ жылғы « ____ » _____ сағ. кейін шешім алуға құқылы екенін хабарлады.

Отырыс _____ сағ. _____ мин. аяқталды

Хаттама 20 ____ жылғы « ____ » _____ дайындалды

Комиссия төрағасы:

Комиссия мүшелері:

Комиссия хатшысы:

«Қазақстан Республикасы Жоғары Сот
 Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі
 академиясы» республикалық
 мемлекеттік мекемесіндегі жеке еңбек
 даулары жөніндегі келісу комиссиясын
 құру туралы ережеге
 3-қосымша

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ СОТ КЕҢЕСІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ СОТ
 ТӨРЕЛІГІ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ЖЕКЕ ЕҢБЕК ДАУЛАРЫ ЖӨНІНДЕГІ КЕЛІСУ
 КОМИССИЯСЫНЫҢ ШЕШІМІ**

_____ қаласы 20____ жылғы «_____» _____

Жеке еңбек даулары жөніндегі келісу комиссиясы _____

келесі құрамда: _____

АНЫҚТАДЫ:

Жоғарыда жазылғанның негізінде және Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің, еңбек шартының, Келісу комиссиясы туралы ереженің нормаларын басшылыққа ала отырып,

ШЕШТІ:

Комиссия төрағасы:

Комиссия мүшелері:

Көшірме дұрыс

Комиссия төрағасы:

Комиссия хатшысы: